

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Студенттік жатақхана туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Е ҚазҰАЗУ СЖ – 398**

**Келісілді  
Сапа бойынша басшылық өкілі**

 **M. Алексеева**

**Алматы, 2024**

**Дайындағандар:**

П. Ибрагимов, К. Султангазиев, А. Абыров, Ш.Сыдықов, А. Ералиева, А.Сманов

Осы Ереже студенттік жатақханаларда тұру тәртібін, шарттарын, тұратындардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ университет әкімшілігінің міндеттерін, студенттік жатақханаларда тәрбие жұмысын үйымдастыру ерекшеліктерін айқындайды.

Ереже университеттің Фылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

## **Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер .....	4
2. Жатақханада тұратын адамдардың құқықтары мен міндеттері.....	7
3. Университет әкімшілігі мен студенттік жатақханалардың міндеттері .....	7
4. Орналастыру және көшіру тәртібі. Қызметтерге ақы төлеу.....	8
5. Құрылымы, қоғамдық басқару мен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.....	9
6. Қорытынды ережелер.....	10

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

---

1.1 «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) студенттік жатақханалар туралы ережесі (бұдан әрі - ЕРЕЖЕ) Қазақстан Республикасының Конституциясына; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасына; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына; Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатының тұжырымдамасына; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» КР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығына; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында тәрбие жұмысын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №640 бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларымен, университет Жарғысына, санитарлық-эпидемиологиялық, өрт талаптарына, Еңбек (ішкі) тәртібі ережелеріне сәйкес әзірленген.

1.2 Осы Ережеге сәйкес нақты жағдайларды ескере отырып, студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп Ережелері, студенттік жатақханаларда орналастыру және шығару Ережелері әзірленеді, олар Ғылыми кеңес қарағаннан және мақұлдағаннан кейін Басқарма Төрағасы – университет Ректорына бекітуге ұсынылады.

1.3 Осы Ереже университеттің нормативтік құқықтық құжаты болып табылады және студенттік жатақханаларда барлық білім алушылардың (бұдан әрі - Тұрғындар) орындауды үшін міндетті болып табылады.

1.4 Студенттік жатақханалар университеттің мүліктік кешенінің бөлігі болып табылады, университеттің негізгі міндеттері мен мұдделеріне қайшы келетін мақсаттарда алып қоюға немесе пайдалануға жатпайды.

1.5 Студенттік жатақханаларды ұсташа шығыстарды жоспарлау және қаржыландыру университет қаражаты есебінен жүзеге асырылады (студенттік жатақханаларда тұру ақысы және шаруашылық қызмет пен үй-жайларды жалға беруден түсетін басқа да бюджеттен тыс қаражат).

1.6 Студенттік жатақханалар Университетте оқу мерзімінде қаладан тыс жерлерде тұратын білім алушыларды (студенттер, магистранттар, докторанттар) оның ішінде шетелдік білім алушыларды орналастыруға арналған.

1.7 Бос орындар болған жағдайда университет белгілеген төлемді енгізе отырып, біліктілікті арттыру институты тындаушыларының курс өту кезеңінде жатақханада тұруына жол беріледі.

1.8 Әрбір студенттік жатақханада құрылымы нормалары мен ережелеріне сәйкес тұруға, өз бетінше сабакта дайындалуға және мәдени-тәрбие жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасалады, сондай-ақ оқшаулау бөлмелері мен тұрмыстық үй-жайлар (ас бөлмелері, душ, жуынатын бөлмелер, дәретханалар) болуы қажет.

1.9 Университеттің білім алушылары студенттік жатақханаға орналасу жөніндегі комиссияның қаруына құжаттар тапсыруға құқылы. Жатақханада орын алуға

өтініштер электронды форматта университеттің ресми сайтында «Platonus» ААЖ арқылы қабылданады ([platonus.kaznaru.kz](http://platonus.kaznaru.kz)).

1.10 Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жыл сайын студенттік жатақханаларда орындарды бөлу жөніндегі конкурсстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады, оның құрамына:

- 1) Басқарма Төрағасы – Ректордың бірінші орынбасары (жетекшілік ететін);
- 2) факультет/жоғары мектеп декандары;
- 3) ТЖД қызметкерлері: директор, жастар жұмысы жөніндегі Комитет жетекшісі (әрі қарай - ЖК), студенттік омбудсмен;
- 4) ғимараттар мен құрылыштарды пайдалану басқармасының бастығы;
- 5) студенттік өзін-өзі басқару үйымдарының өкілдері;
- 6) жатақхана менгерушілері кіреді. Комиссия төрағасы болып Басқарма Төрағасы – Ректордың бірінші орынбасары тағайындалады.

1.11 Комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- Комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
- өтініштерді обьективті және жария түрде қарау, сондай-ақ олардың қорытындылары бойынша білім алушылардың құқықтары мен мұдделеріне нұқсан келтірмейтін шешімдер қабылдау;
- Комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша шешімдер шығару.

1.12 Студенттік жатақханалар тұрғындары бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысуы тек студенттік жатақхана менгерушісінің, студенттік кеңестің және ЖК жетекшісінің келісімі бойынша, ал басқа студенттік жатақханаға көшірілуі – Комиссияның шешімі бойынша мүмкін болады.

1.13 Университеттен шығарылған кезде тұрғындар студенттік жатақхананы оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап 10 күн мерзімінен кешіктірмей босатып, паспорт қызметкеріне оларды тіркеу есебінен шығару үшін өтініш беруі керек.

1.14 Егер жатақханадан шығарылған тұрғынның, тұрақты тұру орнына белгіленген мерзімде көшіп кетуі аурып қалуына, көліктің немесе жол жүру билеттерінің болмауына, сондай-ақ басқа да дәлелді себептерге байланысты мүмкін болмаган жағдайларда, студенттік жатақхананы босату үшін белгіленген мерзімді факультет/жоғары мектеп басшылығы және жатақхананың студенттік кеңесі, оның жазбаша өтініші бойынша 14 күннен артық емес уақытқа ұзартуына болады.

1.15 Жеке және жалпы пайдалануға арналған мұлік тұрғынға қолхатпен беріледі. Мұлік тізімдемесі жатақхана менгерушісінде сақталады.

1.16 Тұрғын бөлмелерде энергияны көп қажет ететін жеке аспаптар мен аппаратураларды тек студенттік жатақхана менгерушісінің рұқсатымен, университет белгілеген тәртіппен тұтынатын электр энергиясы үшін қосымша акы енгізе отырып пайдалануға жол беріледі.

1.17 Студенттік жатақханаларда бөгде адамдардың тұруына, университет бөлімшелерін, сондай-ақ басқа да үйымдар мен мекемелерді қолданыстағы заңнамада белгіленген немесе осы Ереженің 1.7-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа орналастыруға жол берілмейді.

1.18 Барлық мұқтаж білім алушылар санитариялық нормаларға сәйкес студенттік жатақханалардағы орындармен толық қамтамасыз етілген жағдайда, университет басшылығының шешімі бойынша бос бөлмелер (секциялар, блоктар) мен үй-жайлар университет қызметкерлеріне, бөгде адамдар мен үйымдарға жалға берілуі мүмкін.

1.19 Тұрғын және қосалқы үй-жайларды жалға алу үшін ақы төлеу, университет белгілеген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады.

1.20 Студенттік жатақханалардың дербес кіреберістермен жабдықталған жекелеген қабаттарында (ғимараттар бөлігінде) қонақ нөмірлері ұйымдастырылуы мүмкін.

Қонақ нөмірлері жоғары тұрған министрліктер мен ведомстволардың өкілдеріне, ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасалған халықаралық ғылыми ұйымдардың өкілдеріне, шетелдік ғалымдарға, университет білім беру іс-шараларын өткізуге тартатын мамандарға және т. б. тұру үшін беріледі.

Сондай-ақ, қонақ нөмірлері университет жанынан ұйымдастырылған біліктілікті арттыру (қайта даярлау) курсарына келген адамдарды орналастыру үшін ұсынылады.

Біліктілікті арттыру (қайта біліктілікті арттыру) курсарына келген адамдар үшін төлем, университет белгілеген мөлшерде жүзеге асырылуы немесе шарт талаптарына сәйкес оқу курсының құнына енгізілуі мүмкін.

Студенттік жатақханаларды күтіп-ұстауға және өзін-өзі қамтамасыз етуге арналған шығыстарды жабу мақсатында тегін қонақ нөмірлері университет белгілеген тәртіппен және шарттармен бөгде адамдарға тапсырылуы мүмкін.

1.21 Нақты жағдайларды ескере отырып, «Студенттік жатақханалар жанындағы қонақ бөлмелері туралы ЕРЕЖЕ» әзірленеді, оны Ғылыми кеңес қарап, мақұлдағаннан кейін Басқарма Төрағасы - Ректорға бекітуге ұсынылады.

1.22 Студенттік жатақханаларда орналасқан үй-жайларды, тұрғындарға қызмет көрсету үшін, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, денсаулық сақтау пункттеріне жылумен, жарықпен, сумен жабдықталған және күзетпен қамтамасыз етіле отырып тегін берілуі мүмкін.

1.23 Мемлекеттік емес ұйымдарға тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары үшін, бұл үй-жайлар қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жалдау шартымен беріледі.

Көрсетілген мақсаттар үшін үй-жайларды бөлу туралы шешімді университет әкімшілігі қабылдайды.

1.24 Материалдық базаны нығайту және дамыту, Тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету бойынша жалпы басшылық университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

## 2. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Студенттік жатақхана Тұрғындары құқылы:

- университетте оқу кезеңінде «Студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп Ережелерін» сақтаған жағдайда, белгіленген бөлмеде тұруға.

2.2 Студенттік жатақхана Тұрғындары:

- осы Ереженің, «Студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп Ережелерінің», қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздіктің талаптарын, сондай-ақ Университетте қолданылатын өзге де ішкі нормативтік актілердің талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

*Ескерте: Тұрғындардың құқықтары мен міндеттерінің толық тізбесі «Студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп Ережелерінде» баяндалады.*

### **3. УНИВЕРСИТЕТ ӘКІМШІЛІГІНІЦ ЖАТАҚХАНАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРИ**

#### **3.1 Университет әкімшілігі міндетті:**

- студенттік жатақханалардың үй-жайларын белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес ұстауға;
- студенттік жатақханаларды қолданыстағы үлгілік нормалар бойынша жиһазбен, жабдықпен, төсек-орын жабдықтарымен және басқа да мүлікпен жабдықтауға;
- студенттік жатақханаларда уақтылы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, бекітілген аумақты тиісті тәртіппе ұстауға және жасыл желеңтерді сақтауға;
- тұрғындарға қажетті коммуналдық-тұрмыстық қызметтерді, өз бетінше сабакқа дайындалуға, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізуға арналған үй-жайларды ұсынуды қамтамасыз етуге;
- студенттік жатақханаларда тұратын Тұрғындар ауырған жағдайда олардың келісімімен, дәрігерлердің ұсынысы негізінде оқшаулау бөлмелерге көшіруге;
- студенттік жатақханалардың штаттарын белгіленген тәртіппен, қызмет көрсететін персоналмен жасақтауға;
- студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуда жатақханалардың студенттік Кеңесіне өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше сабакқа дайындалуды ұйымдастыруды жағдайларын жақсартуға, Тұрғындардың өмірі мен демалысы мәселелері бойынша жәрдемдесуге;
- студенттік жатақханаларда тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, Тұрғындардың ұсыныстарын іске асыру жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға, қабылданған шешімдер туралы хабардар етуге;
- санитарлық нормалар мен Ережелерге, еңбекті қорғауға сәйкес барлық үй-жайларда қажетті жылу режимі мен жарықтандыруды қамтамасыз етуге;
- студенттік жатақханаға, бекітілген аумаққа қызмет көрсету және жинау бойынша жұмыстарды ерікті негізде жүргізу үшін, Тұрғындарды қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және материалдармен қамтамасыз етуге.

#### **3.2 Студенттік жатақханалардың әкімшілігі міндетті:**

- студенттік жатақхананың қызмет көрсетуші персоналының жұмысына тікелей басшылықты жүзеге асыруға;
- университет берген рұқсат құжаттары және денсаулық жағдайы туралы анықтама негізінде студенттік жатақханаға орналастыруды қамтамасыз ету;
- үлгілік нормаларға сәйкес Тұрғындарға қажетті жабдықтар мен керек-жараптарды ұсынуға, санитарлық ережелерге сәйкес төсек-орын ауыстыруды жүргізуғе;
- студенттік жатақхананы ұсташа бойынша ескертулер мен тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша тұрғындардың ұсыныстарын есепке алуды жүргізуғе;
- студенттік жатақхананың барлық үй-жайларында өткізу режимі мен мүліктің сақталуын, сондай-ақ қажетті жарықтандыруды қамтамасыз етуге;
- студенттік жатақхананың ішінде, оның аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, «Студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп ережелерін», «Өртке қарсы және қауіпсіздік ережелерін» сақтауға нұсқау беруге және шаралар қолдануға.

### **3.3 Студенттік жатақхана әкімшілігі құқылы:**

- студенттік жатақханаларда тұру жағдайларын жақсарту бойынша университет әкімшілігіне ұсыныстар енгізуге;
- жатақхананың Студенттік кеңесімен бірлесіп университет әкімшілігінің қарауына студенттік жатақхана Тұрғындарын қөтермелегенде және жазалау туралы ұсыныстар енгізуге;
- Тұрғындардың өтініші бойынша бір бөлмeden екінші бөлмеге ауыстыру туралы шешімді Жастар ісі жөніндегі комитеттің және Студкенеспен келісе отырып қабылдауға;
- студенттік жатақханалардың қызмет көрсетуші персоналына қөтермелегенде және тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы ұсыныстар енгізуге.

3.4 Тұрғындар мен қызмет көрсетуші персоналды арасында туындайтын келіспеушіліктерді белгіленген тәртіппен, жатақхананың әкімшілігі мен студенттік кеңесі қарайды.

## **4. ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ**

4.1 Тұрғындарды орналастыру белгіленген санитариялық нормаларды сақтай отырып және осы Ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.2 Студенттік жатақханадағы орындарды факультеттер/жоғары мектеп, университет қызметкерлері және өзге де санаттағы адамдардың арасында бөлу тәртібін университет Комиссиясы қолда бар және оларға мұқтаж орындардың жалпы санына пропорционалды айқындайды.

4.3 Білім алушыларды, сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж басқа да санаттағы адамдарды студенттік жатақханаларға орналастыру және көшіру «Студенттік жатақханаларға орналастыру және шығару қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

4.4 Студенттік жатақханаларға тіркеу режімін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен паспорттық қызметкерлер жүзеге асырады. Тіркелгені үшін мемлекеттік баж төлемі орналасатын тұлғалардың есебінен жүргізіледі.

4.5 Талапкерлер қабылдау комиссиясына құжаттарын тапсыру кезеңінде бос орындар болған жағдайда Студенттік жатақханаларға орналастырылуы мүмкін.

Студенттік жатақханаларда орынды пайдаланғаны үшін төлем Университет белгілеген тарифтерге сәйкес тәулік бойы жүзеге асырылады.

4.6 Университет басшылығының бастамасы бойынша ұйымдастырылатын студенттік олимпиадаларға, спорттық жарыстарға, ғылыми конференцияларға және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысу үшін басқа өнірлерден келгендер осы шараларды өткізу кезеңінде Студенттік жатақханаларда бос орындар болған кезде олар тегін қамтамасыз етіледі.

4.7 Тұрғындардың Студенттік жатақханалардағы орындарды пайдаланғаны үшін төлем оку мерзіміне (10 айға, оның ішінде қысқы демалыс уақыты мен практика кезеңін қоса) алынады, ал жазғы демалыс кезеңінде Студенттік жатақхананы пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

4.8 Студенттік жатақханада тұратын студенттер онда тұрудан өз еркімен бас тартқан жағдайда, тұру үшін төленген жалпы соманың қалған бөлігі қайтарылады.

4.9 Білім алушыларға және өзге де санаттар үшін Студенттік жатақханада тұрганы үшін төлем мөлшері Университет Басқармасының шешімімен белгіленеді.

Сонымен қатар, Басқарманың шешімімен жекелеген тұрғын бөлмелерге (секцияларға, блоктарға) және тұрғын жайға сәйкестендірілген үй-жайларға орналасқан жеріне және онда тұру жағдайларына байланысты Университет белгілеген төлем мөлшерін арттыратын немесе төмендететін коэффициенттер қолданылуы мүмкін.

4.10 Оқуға қабылданған шетел азаматтарын Студенттік жатақханаларда орындармен қамтамасыз ету және оларды пайдаланғаны үшін ақы төлеу халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

4.11 Университетте үйымдастырылған курстар, семинарлар және т. б. тындаушылардың студенттік жатақханада тұруы үшін ақы университет белгілеген мөлшерде тәулік бойы алынады.

4.12 Қажет болған жағдайда, университет әкімшілігінің бастамасы бойынша қызметкерлер мен басқа да адамдар күнтізбелік 30 күн бұрын жазбаша нысанда хабардар етіле отырып, студенттік жатақханалардан шығарылуы мүмкін.

## **5. ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚОҒАМДЫҚ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҮЙЫМДАСТЫРУ**

5.1 Студенттік жатақхананың құрылымы мен штатын Басқарма Төрағасы-Ректор бекітеді.

Студенттік жатақхананың штатына:

- Студенттік жатақхананың менгерушісі;
- тазалаушылар, санитарлық тораптарды тазалаушылар кіреді.

5.2 Студенттік жатақханаларда білім алушылар өздерінің мүдделерін білдіретін өзін-өзі басқару органдары - Студкенесті сайлайды.

5.3 Студкенес қабаттар, бөлмелер (секциялар) старосталарының қызметін үйлестіреді, өзіне-өзі қызмет көрсету жөніндегі жұмысты үйымдастырады, студенттер жатақханаларында және іргелес аумақта қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға ерікті түрде тұрғындарды тартады, материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуге көмек көрсетеді, мәдени-бұқаралық іс-шараларды үйымдастырады және өткізеді.

5.4 Студкенес өз өкілеттігі шегінде оку жылышын барлық мерзімінде Тұрғындарды тұрғын жайға, жабдықтар мен жиһаздарға жауапты етіп бекіту бойынша шараларға қатысады.

5.5 Студкенеспен міндетті түрде келесі мәселелер келісілуі керек:

- әкімшіліктің бастамасы бойынша Тұрғындарды бір тұрғын жайдан екіншісіне көшіру;

- Тұрғындарды мадақтау және тәртіпке шақыру шараларын белгілеу.

5.6 Студенттік жатақхананың әр қабатында (секциясында), бөлмедегі (секциядағы) мүлікке, бөлменің (секцияның) қабаттың тазалығы мен тәртібіне ұқыпты қарайтын староста сайланады.

Қабаттың старостасы өз жұмысында студкенестің шешімдерін басшылыққа алады.

5.7 Студенттік жатақханалардағы тәrbие жұмысы, мәдени-бұқаралық, спорттық және басқа да іс-шаралар тәrbие жұмысы жөніндегі департаментінің, жастар істері жөніндегі комитеттің, студенттік өзін-өзі басқару органдарының жоспарларын ескере

отырып, Басқарма Төрағасы – Ректордың бірінші орынбасарының жалпы басшылығымен жүргізіледі.

Университет оқытушылары мен қызметкерлері тәрбие жұмысы мәселелері бойынша студенттер жатақханаларында болған кезде Университет қызметкерлерінің болғаны туралы журналда тіркеледі.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР**

---

6.1 Осы Ереже бекітілгеннен кейін Университеттің ресми Интернет-сайтында орналастырылады, Студенттік жатақханалардың стендтеріне ілінеді және тұрағындардың назарына қол қойдыру арқылы жеткізіледі.

6.2 Осы Ережемен тұрғындарды таныстыру жауапкершілігі Студенттік жатақханалардың менгерушілеріне жүктеледі.